



## Қазақстан Республикасының әуежайларында арнайы көліктің жұмысын үйымдастыру жөніндегі қағиданы бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 2 шілдедегі № 768 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 24 қарашадағы № 941 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 24.11.2015 № 941 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

РҚАО-ның ескертпесі.

ҚР мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктердің аражігін ажырату мәселелері бойынша 2014 жылғы 29 қыркүйектегі № 239-V ҚРЗ Заңына сәйкес ҚР Инвестициялар және даму министрінің м.а. 2015 жылғы 26 наурызыдағы № 327 бүйрүғын қараңыз.

«Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 15 шілдедегі Заңының 13-бабының 32) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ Е Т Е Д І :**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының әуежайларында арнайы көліктің жұмысын үйымдастыру жөніндегі қағида бекітілсін.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*  
*Премьер-Министрі* *K. Мәсімов*

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2011 жылғы 2 шілдедегі

№ 768 қаулысымен

бекітілген

**Қазақстан Республикасының әуежайларында арнайы көліктің жұмысын үйымдастыру жөніндегі қағида**

## **1. Жалпы ережелер**

1. Қазақстан Республикасының әуежайларында арнайы көліктің жұмысын үйімдастыру жөніндегі қағида (бұдан әрі – Қағида) Халықаралық азаматтық авиация ұйымының (ИКАО) ұсынымдарын ескере отырып, «Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 15 шілдедегі Заңына және азаматтық авиация саласындағы басқа да нормативтік-құқықтық актілерге сәйкес әзірленді.

Осы Қағида жолаушыға, багажға, жүктегерге және әуе кемелеріне қызмет көрсету, сондай-ақ әуеайлақты әуе кемелерінің ұшына дайындау кезінде Қазақстан Республикасының әуежайларында арнайы көліктің жұмысын үйімдастыру тәртібін айқындауды.

2. Осы Қағидада пайдаланылатын негізгі терминдер мен анықтамалар:

1) әуе кемесінің тұрақ орны – перронда бөлінген, әуе кемесінің тұрағына арналған учаске;

2) ұшып көтерілу-қону жолағы (ҰКЖ) – әуе кемелерінің ұшып көтерілуі мен қонуына дайындалған құрлық әуеайлағындағы белгілі бір тік бұрышты учаске;

3) арнайы көлік қызметі – азаматтық авиация ұйымының әуе кемелеріне техникалық және коммерциялық қызмет көрсетуді, әуеайлақты пайдаланып ұстауды, сондай-ақ басқа да шаруашылықшілік жұмыстарды арнайы көлікпен қамтамасыз ететін және осы мақсаттар үшін техниканың қажетті саны, техникалық қызмет көрсету мен жөндеу үшін өндірістік ғимараттар мен жабдықтары бар құрылымдық бөлімшесі;

4) құрделі жөндеу – бұйымның базалық бөлшектерін қоса алғанда, оның кез келген бөлшегін ауыстырып немесе қалпына келтіріп, оның жарамдылығын қалпына келтіру және ресурстарын толық немесе толық дерлік қалпына келтіру үшін орындалатын жөндеу;

5) коммерциялық қызмет көрсету – әуе кемесімен тасымалдау кезінде багажға, жүкке, жолаушыларға, авиапоштаға белгіленген төлем үшін қызмет көрсету;

6) құны арзан техникалық мүлік – негізгі құралдардан (автокөліктен, жұмыс машиналары мен механизмдерден) басқа тауарлық-материалдық құндылықтар;

7) иесіздендірілмеген жөндеу әдісі – қалпына келтірілген құрамдас бөлшектердің бұйымның белгілі бір данасына тиесілілігі сақталатын жөндеу әдісі;

8) иесіздендірілген жөндеу әдісі – қалпына келтірілген құрамдас бөлшектердің бұйымның белгілі бір данасына тиесілілігі сақталмайтын жөндеу әдісі;

9) шұғыл тұрақ – әуеайлақтағы жасанды жабыны бар, арнайы жабдықталған жұмыс объектілеріне қызмет көрсету үшін қажетті, ақаусыз жүріп жүрген және

май құйылған арнайы көліктер тұрағына арналған алаң;

10) техникалық қызмет көрсетудің (жөндеудің) кезеңділігі – техникалық қызмет көрсетудің (жөндеудің) белгілі бір түрі мен келесі немесе бұдан да күрделі басқа түрі арасындағы уақыт немесе атқарылатын жұмыс аралығы. Техникалық қызмет көрсету (жөндеу) түрі деп мына белгілердің бірі: қолданылу кезеңі, кезеңділігі, жұмыс көлемі, пайдалану шарттары, т.б. арқылы ерекшеленетін техникалық қызмет көрсету (жөндеу) түсініледі;

11) кезеңдік техникалық қызмет көрсету – пайдалану құжаттарында белгіленген атқарылатын жұмыс мәні немесе уақыт аралығы арқылы орындалатын техникалық қызмет көрсету;

12) өлшеу құралдарын тексеру – өлшеу құралдарының белгіленген техникалық талаптарға сәйкестігін айқындау және растау мақсатында мемлекеттік метрологиялық қызмет немесе соған уәкілеттік берілген басқа органдар орындағатын операциялар жиынтығы;

13) толассыз техникалық қызмет көрсету әдісі – арнаулы жұмыс орындарында белгілі бір техникалық дәйектілікпен және ырғақпен техникалық қызмет көрсетуді орындау;

14) өндірістік санитария – зиянды өндірістік факторлар әсерінің алдын алатын ұйымдастырушылық, гигиеналық және санитариялық-гигиеналық іс-шаралар мен құралдар жүйесі;

15) желідегі жұмыс – жұмыс объектілерінде арнайы көліктермен орындалатын жұмыстар кешені;

16) жөндеу – бұйымның жарамдылығын немесе жұмысқа қабілетін қалпына келтіру және бұйымдардың немесе олардың құрамдас бөлшектерінің ресурстарын қалпына келтіру жөніндегі операциялар кешені;

17) маусымдық техникалық қызмет көрсету – бұйымды күзгі-қысқы немесе көктемгі-жазғы шарттарда пайдалануға дайындау үшін орындалатын техникалық қызмет көрсету;

18) арнайы көлік қызметі – азаматтық авиация ұйымының әуе кемелеріне техникалық және коммерциялық қызмет көрсетуді, әуеайлақты пайдалану жағдайында күтіп ұстауды, сондай-ақ шаруашылықішілік басқа да жұмыстарды арнайы көлікпен қамтамасыз ететін және осы мақсат үшін қажетті техника саны, өндірістік ғимараттары мен арнайы көлікке техникалық қызмет көрсетуге және оны жөндеуге арналған жабдығы бар құрылымдық бөлімшесі;

19) арнайы көлік – әуе кемелеріне техникалық, коммерциялық қызмет көрсету, ұшуды радиомен, жарықпен және техникалық қамтамасыз ету, әуеайлақтарды пайдалану жағдайында күтіп ұстау үшін және әуежайдағы басқа да жұмыстар үшін жұмыс органдарымен (құрылғылармен) жарақталған, автокөлік немесе трактор шассиіне орнатылған, өздігінен жүретін техникалық

кұралы;

20) жөндеудің агрегаттық әдісі – жөндеудің иесіздендірілген әдісі, мұнда бұзылып қалған агрегаттар жаңасымен немесе алдын ала жөнделгенімен ауыстырылады. Агрегат дегеніміз толық өзара алмасу қасиеттері бар, еркін құрастырылған және әр түрлі мақсаттағы бұйымдарда белгілі бір функцияларды орындастырып құрастыру бірлігі;

21) техникалық диагностикалау – диагностикалау объектісінің техникалық жай-күйін белгілі бір дәлдікпен айқындау үдерісі. Қажет болған жағдайда бұзылған жерлерді, оның түрі мен себептерін көрсете отырып, объектінің техникалық жай-күйі туралы қорытынды (диагностикалау) нәтижесі болып табылады;

22) техникалық қызмет көрсету – арнайы көлікті мақсаты бойынша пайдаланған, күткен, сақтаған және тасымалдаған кезде бұйымның жұмысқа қабілетін немесе жарамдылығын қамтамасыз ету жөніндегі операциялар кешені немесе операциялар;

23) ағымдағы жөндеу – бұйымның жұмысқа қабілетін қамтамасыз ету немесе қалпына келтіру үшін орындалатын және жекелеген бөлшектерді ауыстырудан және (немесе) қалпына келтіруден тұратын жөндеу;

24) қауіпсіздік техникасы – жұмыс істеп тұрған қауіпті өндірістік факторларға әсердің алдын алатын ұйымдық және техникалық іс-шаралар мен кұралдар жүйесі;

25) азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) – Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және азаматтық авиация қызметі саласындағы басшылықты жүзеге асыратын орталық атқарушы орган.

## 2. Арнайы көлік қызметінің негізгі міндеттері мен функциялары

### 3. Арнайы көлік қызметінің негізгі міндеттері:

1) технологиялық кестелер мен белгіленген қағидалар бойынша әуе кемелеріне уақтылы әрі сапалы техникалық қызмет көрсетуді жүргізу жөніндегі жұмыстарды арнайы көлікпен қамтамасыз ету;

2) технологияға сәйкес әуе кемелеріне коммерциялық қызмет көрсету жөніндегі жұмыстарды арнайы көлікпен қамтамасыз ету;

3) әуе кемелеріне авиациялық жанар-жағармай құю, сондай-ақ әуе кемелерінің бактарынан жанар-жағармайды құйып алу жөніндегі жұмыстарды арнайы көлікпен қамтамасыз ету;

4) әуеайлақты пайдалану үшін күтіп ұстау жөніндегі жұмыстарды әуеайлақ механизмдерімен қамтамасыз ету;

5) авиациялық-техникалық мүлікті, шаруашылық жүктерін тасымалдауды және азаматтық авиация үйіміндағы көлік жұмыстарының басқа түрлерін жүзеге асыру;

6) трассаларда, әуеайлақтарда, авиациялық жұмыстардың, ұшуды авариялық құтқарумен қамтамасыз ету аймақтарында әуе кемелерімен радиобайланысты үйімдастыру жөніндегі жұмыстарды арнайы көліктермен, сырқат жолаушыларға шұғыл қызмет көрсетуді жүргізу, ұшу қауіпсіздігін медициналық қамтамасыз ету және авиациялық оқиғаларды тергеу үшін автофургондармен қамтамасыз ету;

7) осы Қағиданың, Қазақстан Республикасының азаматтық авиация саласындағы нормативтік-құқықтық актілерінің талаптарына сәйкес өндірістік қызметті үйімдастыру және жүзеге асыру;

8) арнайы көлікті, жабдықты, пайдалану және жөндеу материалдарын тікелей мақсаты бойынша және белгіленген нормалар мен қағидаларға сәйкес тиімді әрі ұтымды пайдалануды жүзеге асыру;

9) арнайы көлікті дұрыс техникалық пайдалану мен жөндеуді үйімдастыру;

10) қызметтегі арнайы көліктердің барлығын техникалық дұрыс пайдалануды, күтіп ұстауды (сақтауды) және жөндеуді үйімдастыру және жүзеге асыру;

11) арнайы көлік қызметінің жеке құрамын пайдалануға түскен жаңа техниканы игеруге даярлау, арнайы көлікті пайдалану мен жөндеу саласындағы жетістіктерді, енертабыстарды енгізу;

12) азаматтық авиация үйімдарының жоспарлау органдарымен бірлесіп, арнайы көліктерді пайдалану жоспарларын жасауға және шаруашылықшілік есепті арнайы көлік қызметінің барлық салаларына енгізуге қатысу;

13) арнайы көлікті пайдалану кезінде осы Қағиданың және Зауыт қағидасының талаптарын сақтау, белгіленген есеп пен есептілікті жүргізу, қосалқы бөлшектерді, автошиналарды, жанар-жағармай материалдарын және басқа автотрактор мүлкін дұрыс пайдалану;

14) арнайы көлікті пайдаланудың өзіндік құнын азайту, жөндеуаралық мерзімді ұлғайту жөніндегі іс-шараларды өткізу, белгіленген тәртіппен техниканы күрделі жөндеуге, оларды уақтылы өткізууді қамтамасыз етуге арналған өтінім-жоспарлар жасау;

15) арнайы көлік жұмысын бақылауды қамтамасыз ету, олардың қауіпсіз жұмыс істеуін үйімдастыру және желідегі жүргізушілерге уақтылы техникалық көмек көрсету;

16) арнайы көлік қызметінің кінәсінен әуе кемелерімен болатын жол-көлік оқиғаларына, зақымдану жағдайларына және олардың ұшуының кідіруіне қарсы күрес жөніндегі ұсыныстарды талдау, әзірлеу және іске асыру;

17) арнайы көлік қызметі жұмыскерлерінің техникалық, экономикалық және мәдени деңгейін ұдайы арттырып отыру, жеке құрамның белгіленген талаптарды

орындауын қамтамасыз ету, еңбек тәртібін қатаң сақтау;

18) жеке құрамның абыройлы борыш сезімі мен сеніп тапсырылған техника үшін жауаптылығын қалыптастыру және өндірістік тапсырмаларды орындау.

### **3. Арнайы көліктің тұрақ орындары**

4. Арнайы көлікті сақтауды жабық үй-жайларда, төбесі қалқаланған немесе ашық аландарда жүзеге асыруға болады. Бұл ретте төмендегідей шарттар сақталуға тиіс:

1) жұмыс сипатына қарай дереу шығуға үнемі әзір тұру талап етілетін автобустар мен жеңіл автомобилдер, сондай-ақ арнайы көлік жабық үй-жайлардағы тұрақ орындарымен бірінші кезекте қамтамасыз етілуге тиіс;

2) отын және майқұйғыш көліктер, жылжымалы отын құю агрегаттары, сондай-ақ сұйық отын тасымалдауға арналған автоцистерналар ашық, төбесі қалқаланған аландарда немесе тікелей сыртқа шығатын есігі бар бір қабатты ғимараттардың оқшауланған үй-жайларында сақталуға тиіс;

3) ассенизациялық автомобилдер, сондай-ақ улы заттарды тасымалдайтын арнайы көлік басқа мақсаттағы арнайы көліктен бөлек қойылуға тиіс;

4) ауа және азот құйғыштар, сондай-ақ басқа газ баллонды арнайы көлік төбесі қалқаланған немесе ашық аландарда бөлек қойылуға тиіс.

5. Арнайы көлікті сақтау тәсілдері жылдың кез келген мезгілінде олардың сақталуы мен тоқтаусыз жұмыс істеуін қамтамасыз етуі тиіс. Осы мақсатта климат жағдайлары осылайша талап ететін жерлерде арнайы көлікті ашық аландарда, төбесі қалқаланған жерлерде немесе от жағылмайтын үй-жайларда сақтаған кезде қозғалтқыштарды іске қосар алдында жылдытуға арналған жабдық көздөлүгө тиіс.

6. Арнайы көліктің тұрақ орындарына орналастырылу тәртібін арнайы көлік қызметінің бастығы айқындейдьы. Тұрақ орындарына және қызмет көрсету бекеттеріне орналастыру кезінде арнайы көлік пен ғимараттардың және үй-жайлардың элементтері арасында құрылыш нормаларында белгіленген аралық сақталуға тиіс.

7. Тұрақ орындарында отын, жағармай, сұрту және басқа материалдарды сақтауға тыйым салынады.

8. Консервациядағы арнайы көліктердің тұратын орны арнайы көлік қызметінің өндірістік-техникалық базасының аумағында жабдықталады және ол қоршалып, күзетілуге тиіс.

9. Шұғыл тұрақтарға тек жарамды, отын құйылған және пайдалануға әзір арнайы көліктер орналастырылады. Қызмет көрсету мен жөндеуді талап ететін арнайы көлік үшін бөлек жайлар немесе ашық аландар берілуі тиіс.

10. Шұғыл қызмет көрсету аймағында арнайы көлікті орналастыру схемасы әрбір әуежайда ұшу-қону жолағының, жерде жүргізу жолының, тұратын орнының, перрондардың, әуеайлақ құрылыштарының аумақтық орналасу ерекшелігі мен мөлшері жасанды жабыны бар арнайы аландардың болуын есепке ала

11. Арнайы көліктердің қозғалысы үшін қауіпті тұрақтар мен аймақтарда тәуліктің кез келген уақытында анық көрінетін бірыңғай үлгідегі жол белгілері қойылуы тиіс. Жол белгілері әуе кемелері қозғалысының толық қауіпсіздігін сақтауды есепке ала отырып орналастырылады.

12. Арнайы көліктер тұратын жерлер шүғыл байланыс құралдарымен жаңадықталуы тиіс.

13. Шұғыл қамтамасыз ету аймағында арнайы көліктер тұратын жерлер құрылыш нормалары мен ережелерге сәйкес жүргізушілер құрамына арналған тазалық-тұрмыстық бөлмелермен, сондай-ақ күнделікті қызмет көрсететін алаңдармен және арнайы бөлмелермен жабдықталуы тиіс.

14. Арнайы көлік жұмысын шұғыл басқаруды жүргізушілермен радио арқылы байланыс жасай алатын қызметтердің диспетчерлері жүзеге асырады.

#### **4. Арнайы көлікті желіге шығару**

15. Арнайы көлікті желіге шығаруға дайындауды арнайы көлік қызметінің инженер-техник және жүргізушилер құрамы жүзеге асырады және ол мыналарды

1) күнделікті техникалық қызмет көрсетуді Зауыт қағидалары мен арнаізы көлікке техникалық қызмет көрсету жөніндегі қолданыстағы нұсқаулардың талаптарына

2) гаражға келген соң бақылап тексеру кезінде және желіге шығарда (аудиосымды өткізгенде) анықталған ақауларды жою;

3) арнайы көлікке жанар-жағар май материалдарын және арнайы сұйықтықтар күю ;

4) қозғалтқыштар мен арнайы көлік жүйесін іске қосу және тексеру;  
 5) белгіленген құжаттаманы ресімдеу.

16. Осы Қағида талаптарына сәйкес қажетті құжаттамасы бар жүргізуі медициналық байқаудан өткен соң, сондай-ақ арнайы көлікті желіге шығаруға дайындау жұмыстарын орындаған соң оны тексеріп байқауға ұсынады.

17. Арнайы көлікті желіге шығаруды колонна механизигі жүзеге асырады, ол арнайы көлікті тексеріп байқайды және оның техникалық жарамдылығын жол парағына немесе формулярга өз қолын қойып күеландырады.

18. Желіге шығар алдында арнайы көліктің техникалық жай-күйін тексеру

үшін қарау шұңқырлары, эстакадалары, жарығы бар арнайы орындар жабдықталады. Колонна механигінде арнайы көліктің техникалық жай-күйін анықтау және тексеру үшін қажетті аспаптар мен керек-жараптар болуы тиіс.

19. Желіге шығар алдында арнайы көлікті тексеріп байқау кезінде әуе кемесінің қозғалыс қауіпсіздігіне және қызмет көрсетуге әсер ететін агрегаттар мен тораптардың жарамдылығына, сондай-ақ спидометрдің пломбалану жағдайына және оның көрсеткіштерінің жол қағазындағы жазбаларымен сәйкес келуіне ерекше көңіл бөлінеді.

Ақауы бар, әуе кемесінің қозғалысы мен техникалық қызмет көрсетуге қауіп төндіретін арнайы көлікті пайдалануға жол берілмейді.

Ұшу-қону жолағындағы және жерде жұру жолдарындағы жұмыстарға арналған арнайы көліктер, егер жарқылдақ оттары, радиостанция және сүйретпелі қондырғылары болмаса, пайдалануға жіберілмейді.

20. Арнайы көлік желіден қайтып келгенде және оларды ауысым бойынша өткізгендегі колонна меканигі:

1) негізгі шасси мен арнайы құрал-жабдықтардың жарамдылығын тексереді;  
2) жол парагына спидометр көрсеткішін және арнайы көліктің жолдан қайтып келген уақытын (ауысым өткізу) қояды;

3) арнайы көліктерді жөндеуде пайда болған ақауларды жоюды ұйымдастырады және жөндеу аймағына тапсырысты ресімдейді;

4) жол парагына арнайы көліктердің жолдан келу (ауысым өткізу) дерегін қол қою арқылы бекітеді. Арнайы көліктердің және арнайы құрал-жабдықтардың барлық ақаулары туралы колонна бастығына баяндайды және ауысым қабылдау-өткізу журналына жазады.

## 5. Арнайы көлікті пайдалану

21. Арнайы көлікті пайдалану инженер-техникалық және ұйымдастыру шаралары жүйесін қамтиды, ол:

1) ең аз еңбек шығындары мен материалдық қорларды қолдана отырып, арнайы көліктерді тиімді пайдалануды;

2) белгіленген сақтық қор және жұмысқа жарамды мерзім барысында арнайы көліктердің берілген сипатын сақтауды қамтамасыз етеді.

22. Арнайы көліктің нақты түрлерін пайдалану ерекшеліктері Шығарушы зауыт қағидаларында, сондай-ақ пайдалану жөніндегі қолданыстағы нұсқаулықтарда анықталады.

23. Арнайы көлікті пайдалануды жүзеге асыратын адамдардың тиісті теориялық және практикалық даярлығы болуы, техникалық сипаттаманы, жұмыс қағидаттары мен пайдаланылатын техниканың және жекелеген агрегаттардың

құрылышын, арнайы көліктерді пайдалану жөніндегі нұсқауларды, жұмыс тәртібін, белгіленген шектеулерді, қоқтемгі-жазғы және күзгі-қысқы кезеңде, сондай-ақ ерекше жағдайларда пайдалану ерекшеліктерін білуі тиіс.

24. Арнайы көліктерді техникалық пайдалану үдерісінде арнайы көлік қызметін жөндеу шеберханасының жеке құрамы техникалық қызмет көрсетуді, мерзімді жұмыстарды және машиналарды ағымдағы жөндеуден өткізеді.

Жүргізушилер құрамы, механиктер, бригадирлер арнайы көліктерге техникалық қызмет көрсету мен оларды пайдалануды жүзеге асырады, арнайы көліктердің тікелей мақсатта пайдаланылуы мен сақталуын қамтамасыз етеді, әуе кемесіне уақытында және сапалы қызмет көрсетуге жауапты болады.

25. Инженерлік-техникалық құрам арнайы көлік қызметінің барлық участеклеріндегі жұмыстарды бақылайды, өндірістік жоспарлар мен тапсырмалардың орындалуын қамтамасыз етеді.

26. Азаматтық авиация ұйымының арнайы көліктерінің техникалық жағдайы мен пайдаланылуы, олардың мазмұны мен қызмет көрсетуі мынадай жолдармен жүзеге асырылады:

1) арнайы көлік қызметінің, азаматтық авиация ұйымының басшылары жүргізетін бақылау мақсатындағы тексеру;

2) уәкілетті органда тиісті мемлекеттік органдардың жылдық техникалық баяқауы;

3) әуежай, уәкілетті орган комиссиясының тексеруі.

Арнайы көлікті байқауды жүргізу жөніндегі негізгі ережелер осы Қағиданың 5, 6 - қосымшаларында берілген.

27. Жаңа, сондай-ақ күрделі жөндеуден өткен арнайы көліктер мен механизмдер шығарушы зауыт пен жөндеу кәсіпорындарының техникалық шарттарының талаптарына сәйкес жүргізіп байқаудан өтуі тиіс.

28. Арнайы көлікті жүргізіп байқау кезінде оның барлық тораптары мен агрегаттарын бақылау-өлшеу аспаптарының көмегімен сынап көру жүргізіледі, оның көрсеткіштері сол тораптың немесе агрегаттың техникалық пайдалану сипатына сәйкес келуі тиіс.

29. Жүргізіп байқау кезінде арнайы көліктер ең төменгі жүктемемен және қозғалыстың төменгі жылдамдығында пайдаланылуы тиіс. Өту қыын жолдарда, көктайғақ кезінде, сондай-ақ тіркеме жабдықтарымен бірге жүргізіп байқауға тыйым салынады.

30. Есептен шығару мерзімі аяқталмаған құрал-жабдықтарды бөлшектеу арқылы арнайы көліктерді бір үлгіден (жол қозғалысы қауіпсіздігі бойынша уәкілетті органда мемлекеттік тіркеуге жатпайтын) екіншісіне қайта жабдықтау және босатылған шассиге немесе басқа арнайы құрал-жабдықтарға орнату ерекше жағдайда заңнамада белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

31. Амортизациялық ресурсын аяқтаған арнайы жабдықты есептен шығару және бөлшектеуден кейін арнайы көліктердің бір үлгісін екіншісіне қайта жабдықтау (жол қозғалысы қауіпсіздігі бойынша уәкілдті органда мемлекеттік тіркеуге жатпайтын) заңнамада белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

## 6. Арнайы көліктерді пайдалану тәртібі

32. Эуе кемелерін пайдалануға және әуеайлақты күтіп ұстауға байланысты азаматтық авиация ұйымының қызметтерін арнайы көліктермен қамтамасыз ету жоспарланған жұмыс көлемін есепке ала отырып жасалатын Арнайы көліктерді бөлу табеліне сәйкес, сондай-ақ арнайы көліктер мен жүргізушілер құрамының нақты санына байланысты жүргізіледі. Арнайы көліктерді бөлу табелі жылына екі рет көктемгі-жазғы және күзгі-қысқы дайындық кездерінде жасалады, оны азаматтық авиация ұйымының жетекшісі бекітеді.

33. Азаматтық авиация ұйымының шаруашылық мұқтаждары үшін арнайы көлік қажеттілігі арнайы көлік қызметіне алдыңғы күнгі сағат 15.00-ден кешіктірілмей берілген өтінім хаттардың негізінде қанағаттандырылады. Өтінімдердің негізінде арнайы көлік қызметінің мүмкіндіктерін есепке ала отырып шаруашылық тасымалдаудың әр күніне машина бөлу жоспары жасалады, оған арнайы көлік қызметінің бастығы қол қояды және әуежайдың бас инженері (бастықтың жердегі қызмет жөніндегі орынбасары) бекітеді.

34. Ерекше жағдайларда (авариялар, дүлей апаттар және т.б.) арнайы көлік жұмыстардың жүргізілуі үшін жауапты лауазымды адамның талабы бойынша арнайы көлік қызметінің бастығына баяндай отырып, арнайы көлік қызметінің диспетчері арқылы бөлінеді.

35. Арнайы көліктің желіге уақытында шығуын бақылауды арнайы көлік қызметінің диспетчери, ауысым бастығы (ауысым инженері) жүзеге асырады (5-көсімшада).

36. Әуежайдың басқа қызметіне бөлінетін арнайы көлік олардың жұмысын ұйымдастыруға, мақсатына орай бағыт бойынша уақытында және ұтымды пайдалануға, сондай-ақ еңбек қауіпсіздігінің талаптарын сақтауға бақылау жасайтын қызметке тікелей бағынысты болады. Азаматтық авиация ұйымының жүргізушілері мен машиналарын іссапарға жіберу тәртібін азаматтық авиация ұйымының бастығы белгіледі.

37. Пайдаланушы қызмет кінәсінен агрегаттар, арнайы құрал-жабдықтар және керек-жарақтар (сым, фишка, ауыстырыштар, отын құятын тапаншалар, жендер және т.б.) сынған жағдайда осы қызмет өкілі (тікелей кінәлі адам) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапты болады.

1) арнайы көлік бөлудің бекітілген табеліне сәйкес басқа қызмет етінімдерінің уақытында және толық орындалуын;

2) әуе кемесіне техникалық және коммерциялық қызмет көрсету жөніндегі жұмыстардың сапалы және уақытында орындалуын әрі авиажолаушыларға жоғары мәдени қызмет көрсетудің қамтамасыз етілуін;

3) арнайы көліктің техникалық жарамдылығын және олардың қосымша құралдармен жарапталауын;

4) жүргізушилер құрамының арнайы көліктің осы үлгісіндегі жұмысқа даярлығын;

5) жүргізушилер құрамы мен тракторшылардың арнайы көлік пен механизмдердің бекітілген үлгілерінде жұмыс істеуге, әуе кемесі мен авиажолаушыларға қызмет көрсетуге, әуеайлақтарды пайдалану жағдайында күтіп ұстауға даярлығын бақылайды.

39. Барлық арнайы көліктерді әуежай қызметтері аса тиімді және тек тікелей мақсатта белгіленген жұмыс көлемі шеңберінде ғана пайдалануы тиіс.

## **7. Арнайы көліктің жұмысын ұйымдастыру, әуе кемелерінің бұзылуын және жол-көлік оқиғаларын болдырмау жөніндегі іс-шаралар**

40. Әуежайлардағы арнайы көліктер жұмысын ұйымдастыру әуе кемесіне уақытында әрі сапалы қызмет көрсетуге, жерде олардың бұзылуын болдырмауға, әуеайлақтарды пайдалануға әзір ұстауға және жол-көлік апатының алдын алуды қамтамасыз етуге бағытталған.

41. Арнайы көлікпен әуе кемесіне қызмет көрсету және әуеайлақты дайындау жұмыстарын орындау кезінде азаматтық авиация саласындағы қолданыстағы нормативтік құқықтық құжаттар мен осы Қағиданың азаматтық авиация ұйымдарының жұмыстарды жүргізу тәртібі мен өзара іс қимылын, әуеайлақтағы арнайы көлік қозғалысын ұйымдастыру, әуе кемесінің ақауы мен жол-көлік оқиғасының алдын алу жөніндегі шаралар айқындалған талаптары қатаң сақталуы тиіс.

42. Әуеайлақтағы арнайы көліктердің пайдаланылуын ұйымдастыруды және ұшу алаңындағы жұмыстарды орындау кезінде ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз етуді бақылау әуежайдың жердегі құрылышты пайдалану және құрылыш жөніндегі бастығының орынбасарына жүктеледі.

43. Азаматтық авиация ұйымы қызметіне бөлінген арнайы көлік жұмысын ұйымдастыруды және оның қауіпсіздігін бақылау арнайы көліктерді пайдаланатын қызмет бастықтарына жүктеледі.

44. Бекітілген тізім бойынша техникалық жарамды арнайы көліктерді өз уақытында бөлу мен олардың авариясыз жұмысын қамтамасыз етуді бақылау

арнайы көлік қызметінің бастығына жүктеледі.

45. Әуеайлақта жұмыс істеуге тек сыртқы түрі қанағаттанарлық әрі орт сөндіру және медициналық қобдиша заттарымен жабдықталған техникалық жарамды арнайы көліктер жіберіледі. Бұдан басқа, ұшу жолы мен жұру жолында жұмыс істейтін машиналар радиобайланыс құралдарымен, қуатты және жарқылдақ оттармен, сүйреткіш қондырғылармен жабдықталуға тиіс.

Әуе кемесіне қызмет көрсететін машиналар радиобайланыс құралдарымен және тірек қалыптармен, ал жүк тиеу-түсіру жұмыстарын жүргізетін машиналар, траптар, жүк автомобильдері амортизаторлық қондырғылармен жабдықталуы тиіс.

46. Арнайы көліктің техникалық жай-қуйі Шығарушы зауыттар қағидасының талаптарына сәйкес келуі тиіс және азаматтық авиация ұйымдарындағы еңбек қауіпсіздігінің талаптары мен ережелеріне жауап беруі тиіс.

47. Әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету кезінде пайдаланатын машиналардың арнайы құрал-жабдықтарының техникалық жағдайы әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсетуге арналған арнайы көліктерді пайдалану талаптарына сәйкес келуі тиіс.

48. Әуеайлақтағы барлық үлгідегі арнайы көліктердің қозғалысы белгіленген бағытта ғана азаматтық авиация ұйымының бастығы бекіткен жердегі техника қозғалысын ұйымдастыру мен орналастыру схемасы бойынша жүзеге асырылуы тиіс.

## **8. Әуе кемелеріне техникалық және коммерциялық қызмет көрсету кезінде арнайы көліктердің жұмысын ұйымдастыру**

49. Әуе кемелеріне қызмет көрсету жөніндегі жұмыстарды атқару үшін арнайы көлік қызметі азаматтық авиация ұйымының бастығы (әуежай бастығы) бекіткен тізімге сәйкес арнайы көліктерді азаматтық авиация ұйымы қызметінің қарамағына бөледі, олар өз қарамағына бөлінген арнайы көліктердің жұмысын ұйымдастыруға бақылау жасайды және қамтамасыз етеді.

50. Әуе кемесіне қызмет көрсету жұмыстарын ұйымдастыру авиациялық техниканы жөндеу мен пайдалану жөніндегі қолданыстағы құжат талаптарына және берілген үлгідегі әуе кемесіне пайдалану жөніндегі нұсқауға сәйкес жүргізіледі.

Әуе кемесіне отын және май құю кезінде Қазақстан Республикасының азаматтық авиациясының жанар-жағар май материалдары және арнайы сұйықтықтардың сапасын бақылау, қолдану жөніндегі нұсқауларының талаптары сақталуға тиіс.

51. Әуе кемесіне қызмет көрсету үшін арнайы көліктерді беру кезегі мен

тәртібі азаматтық авиация үйымының бастығы бекітетін технологиялық кесте  
б о й ы н ш а ж ү з е г е а с ы р ы л а д ы .

52. Әуе кемесіне қызмет көрсету жұмыстарына басшылық жасауды инженер,  
бригадир авиатехник, авиатехниктер жүзеге асырады.

53. Әуе кемесіне қызмет көрсету кезінде арнайы көліктерді жұмыс жағдайына  
қою, олардың келуі және кетуі әуежай бастығы бекіткен келу (кету) схемасына  
сәйкес және арнайы көліктерді келуге (кетуге) басшылық жасауға жауапты  
адамдардың басшылығымен жүргізіледі (1-қосымша).

54. Әуе кемесіне қызмет көрсету аймағындағы жұмыс кезінде арнайы  
көліктедің жүргізушілері :

1) қызмет көрсету аймағына кіре берісте арнайы көлікті ақ бояумен  
белгіленіп, қызмет көрсету аймағының шекарасында орналасқан "Т" белгісінің  
жанында әуе кемесінің шеткі нүктелерінен кем дегенде 10 м қашықтықта  
сегізбұрыш түріндегі қызыл жолақтармен боялған жерге тоқтату;

2) қызмет көрсету аймағына тек келуге жауапты қызметкердің рұқсатымен  
және б а с ш ы л ы ғ ы м е н к і р у ;

3) қызмет көрсету аймағында арнайы көліктер қозғалысын келу (кету)  
схемаларына сәйкес жүзеге асыру;

4) келуді басқаратын қызметкердің сигнал белгілерін мүқият қадағалау және  
д ә л о р ы н д а у ;

5) әуе кемесіне келу кезінде арнайы көліктерді тоқтатуды қауіпсіз жерге,  
оның бұзылуын болдырмайтындей етіп орналастыру;

6) келуді басқаратын лауазымды адамның, әуе кемесі экипажы мүшесінің  
немесе инженерлік авиациялық қызмет техникінің бірінші талабы бойынша  
арнайы көліктерді тоқтату және қызмет көрсету аймағынан шығып кету;

7) қызмет көрсету аймағынан, перроннан және тұратын жерден арнайы  
көліктерді олар бұзылып қалған жағдайда тез арада алып кету шараларын жасау  
және ол туралы арнайы көлік қызметі бригадиріне немесе диспетчерге хабарлау;

8) әуеайлақта арнайы көліктерді жүргізу және әуе кемесіне қызмет көрсету  
құқығы берілген талон әрқашан өзінде болуы және оны бірінші талап бойынша  
әуеайлақтағы қауіпсіз қозғалысты үйымдастыру мен әуе кемесінің сақталуына  
жауапты адамдарға көрсету үшін барлық шараларды қабылдайды.

55. Әуе кемесіне арнайы көліктердің жақын келуін (кетуін) басқаратын  
қызметкерлер мыналарды қамтамасыз етуге тиіс:

1) әуе кемесіне қызмет көрсету аймағында арнайы көліктер қозғалысын  
Қазақстан Республикасы азаматтық авиациясының әуеайлақтарында әуе кемелері  
, арнайы автокөлік және механизация құралдары қозғалысын үйымдастыру  
жөніндегі нормативті актіде белгіленген келу схемасына сәйкес дәл сигнал беру  
көмегімен б а с қ а р у ;

2) арнайы көліктердің келуін әуе кемесінің оған жақын орналасқан бөліктерінде тұрып, жүргізушінің көз алдында басқару;

3) жүргізушіге сигнал берер алдында әуе кемесі жанындағы арнайы көліктердің жүруіне, сондай-ақ шанақты немесе жұмыс органын көтеруге (түсіруге) кедергі жоқтығына көз жеткізуі;

4) әуе кемесіне келу кезінде арнайы көліктерді олар бұзылмайтын жерге тоқтату ("тоқтаңыз" сигналын беру уақыты арнайы көліктің үлгісіне, олардың әуе кемесіне келу схемасына және тежеу жолдары шамасына байланысты таңдалады);

5) арнайы көліктер әуе кемесінен кететін кезде "жүріңіз" сигналын берер алдында әуе кемесі бортынан сымдардың, ажыратқыштардың, шлангілер мен жермен байланыстыратын тростардың ағытылуын тексеру;

6) әуе кемесінің жанына арнайы көліктер тоқтаған кезде әуе кемесіне қозғалыс жақтағы артқы жетекші дөңгелектердің бірінің астына тез арада тірек қалыптар қою, содан кейін дөңгелектің басқа жағына екінші қалыпты орнату;

7) жұмыс аяқталған соң қалыптарды арнайы көліктердің кету жағынан алып тастау, ал ол кеткен соң әуе кемесінен 5 метр қашықтықтағы екінші қалыпты алу;

8) "Әуе кемесіне арнайы көліктердің келуіне басшылық ету құқығын беретін күәлік" арқашан өзінде болуы керек және бірінші талап бойынша оны әуеайлақта қауіпсіз қозғалысты ұйымдастыру және әуе кемесін сақтауға жауапты адамға көрсету (6 - қосымша).

56. Келуді (кетуді) басқаратын қызметкердің әуе кемесі жанындағы арнайы көліктер жұмысын аяқтағанға дейін өз орнын тастап кетуіне болмайды.

57. Арнайы көлік маневрді дұрыс жасамаған кезде келуге басшылық етуші адам "тоқтаңыз" сигналын беруі тиіс, ал содан кейін әуе кемесі зақымдалуын болдырмайтын маневрді орындауға белгі беріледі.

58. Қазақстан Республикасының зандарына сайкес әуе кемесіне қызмет көрсету аймағында келу (кету) жұру ережелерін бұзған үшін жауапкершілік :

1) басшының келу белгісін дұрыс орындамағаны үшін, сондай-ақ оның рұқсатынсыз өздігінен жүргені үшін арнайы көлік жүргізушісіне;

2) жүргізушіге жұру кезінде дұрыс емес немесе мезгілсіз белгі бергені үшін, сондай-ақ тірек қалыптарды дер кезінде немесе дұрыс орнатпағаны үшін келуді басқаратын қызметкерге жүктеледі.

59. Арнайы көліктердің жүргізушілері мен әуе кемесіне қызмет көрсету аймағында басшылық ететін адамдардың осы Қағида талаптарын бұзғандығы туралы жүргізушілер талоны мен жақындаған келуге жетекшілік ететін бастықтардың куәліктеріне әуеайлақтағы қауіпсіз қозғалысты ұйымдастыруға және әуе кемесінің сақталуына жауап беретін лауазымды адам белгі жасайды.

Тәртіп бұзушылық туралы белгіні әуежай жұмыстарына нұсқау беруші адам, әуежай бастығы және оның орынбасарлары, әуежайдың аға (аудисым) кезекшісі, қоғамдық инспекторлар, арнайы көлік қызметінің бастығы, қарамағына арнайы көліктер берілген қызмет бастықтары, арнайы көліктердің колонна бастығы, әуеайлақтағы қозғалыс қауіпсіздігі жөніндегі инженерлер жасай алады.

60. Талонда (куәлікте) қызмет көрсету аймағында жұмыс істеу кезінде үш рет тәртіп бұзушылық белгісі бар адамдар әрі қарай жұмыс істеуге тек қызмет көрсету аймағындағы жұмыс ережесін білуі бойынша біліктілік комиссиясының қайта тексеруінен кейін және әуежай бастығының бұйрығы шыққан соң ғана жіберіледі.

## **9. Әуеайлақты пайдаланыш ұстau кезінде арнайы көліктің жұмыстарын ұйымдастыру**

61. Әуеайлақта пайдалану жөніндегі операциялар кешенін орындау үшін арнайы көлік қызметі әуеайлақ қызметінің қарамағына (немесе басқа жердегі жұмыстарды орындағын қызметке) арнайы көлік бөледі, олар арнайы көліктердің жұмысын ұйымдастыруды, қозғалыс қызметімен өзара іс-әрекетін жүзеге асырады және ұшу алаңында жұмыс кезінде ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз етуді

бақылайды.

62. Әуеайлақты күтіп ұстau жөніндегі технологиялық операциялар әуежай бастығы бекіткен технологиялық карталар бойынша және әуеайлақтың қызметі жөніндегі нормативтік актілерге сәйкес орындалуы тиіс.

63. Әуежайдың барлық қызмет орындары әуе кемесінің ұшуы үшін әуеайлақты дайындау жөніндегі жұмыстарды тек әуеайлақтың ұшу бастығының рұқсатымен және әуеайлақ қызметінің жауптты адамдарымен оны жүргізу туралы келісілген соң ғана жүргізе алады.

64. Арнайы көліктердің әуеайлақ жабындары мен қондыру құралдарына қызмет көрсету үшін ұшу алаңы мен жүргізіп әкелу жолдарына шығуы диспетчердің рұқсаты бойынша әуеайлақ басшысының нұсқауымен жүргізіледі.

65. Ұшу алаңында жұмыс істеу кезінде арнайы көліктердің қозғалыс қауіпсіздігін ұйымдастыру, жұмысты басқару және оларды жүргізуге бақылау жасауды әуеайлақ қызметінің (немесе ұшу алаңында басқа да жұмыстар атқаратын жердегі қызметтердің) бастығы (жұмысты жүргізуге жауптты адам) қамтамасыз етеді, ол старттық диспетчер пунктінің диспетчері немесе әуеайлақтағы ұшу жетекшісінің көрсетуі бойынша керек болған жағдайда өздігінен апат аймағының шегінен тыс белгіленген жерге тез арада ұшу жолдарынан машиналарды, механизмдерді және адамдарды алып кету шараларын қабылдауға міндетті. Барлық жағдайда ұшу жолдары әуеайлақ

техникасынан әуе кемесінің қонуы (ұшуы) есептелген (белгіленген) уақытынан кем дегенде 5 минут бұрын босатылуы тиіс.

66. Ұшу және жолдарында жұмыс істеу кезінде жауапты адам старттық диспетчер пунктінің диспетчерімен тұрақты түрде радиобайланыс жасауға және әрбір 15 минут сайын радиобайланысты бақылап отыруға міндettі. Радиобайланыс істен шыққан кезде немесе ол дұрыс жұмыс іstemесе, жұмысты тоқтату қажет және ұшу-қону жолынан техника мен адамдарды алып кету үшін төтеше шаралар қабылдау қажет.

Радиобайланыс үзілген кезде ұшу жолынан босату белгісі ретінде ұшу-қону жолдарындағы оттарды ұш рет өшіріп-жағу (жоғары қарқынды оттар жүйесі жарықтарының «I» тетігін қосқан кезде) және жұмыс істеп тұрған техника жаққа екі қызыл ракета жіберу керек.

67. Егер жұмыс істеп тұрған техника істен шығып қалса, бұл туралы диспетчерлік орын қызметі диспетчеріне тез арада баяндалуға тиіс және радиомаяк станциясы апатты аймақ сыртына белгіленген жерге жарамсыз техниканы алып кету үшін жедел шаралар қабылдайды.

68. Ұшу алаңында жұмыстар орындалған соң әуеайлақ қызметі үшін жауапты адам арнайы көліктер жұмысы барысында ұшуды орындауға кедергі келтіретін ешқандай ауытқулардың жіберілмеуін бақылайды және әуеайлақтың ұшу жетекшісі жұмыстың аяқталғаны туралы және техника мен адамдардың белгіленген орынға әкетілгені туралы хабарлайды.

69. Ұшу және жүргізу жолдарында жұмыс істейтін барлық арнайы көліктер ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында тәулік уақытына қарамастан жұмыс кезінде жанып тұратын қуатты және жарқылдақ оттармен, сондай-ақ диспетчерлік орын қызметі диспетчерімен және ұшу бастығымен байланысатын ішкі әуежай құралдарымен жабдықталуы тиіс.

Арнайы көліктерде орнатылған жарқылдақ оттар сары түсті болуы, жарық күшінің әсері минутына 75 ? 15 жарқыл жиілігі бар 40-тан кем емес, бірақ 400-ден аспайтын кандел болуы тиіс. Бұл оттар кабинаның үстіне немесе қораптың жоғарғы жағына арнайы көліктердің білігі (ось) бойымен айналаға түгел жарық беретіндей етіп және оны машинадағы құрылғылар көлегелемейтіндей орналастырылуы тиіс. Оттың тірек алаңы көлденең орналасуы керек. Ұшу және жүргізу жолдарында жұмыс істеу үшін қосымша қону диспетчері жиілігінде радиобайланысты тыңдайтын жауапты адам машинасына радиоқабылдағыш орнатылады. Ұшу және жүргізу жолдарында жұмыс істейтін әрбір арнайы көлік радиомаяк станциясы істен шыққан жағдайда апат аймағынан сыртқа кетіп қалуға арналған сұйрету қондырғыларымен жабдықталуы тиіс.

70. Ұшу және жүргізу жолдарында әуеайлақтың ұшу жетекшісінің рұқсатынсыз және жұмыс жүргізуге жауапты адамның басқаруынсыз радио және

жарық сигналдары бар құрал-жабдықтармен, сүйретпе қондырғылармен, өрт сөндіргіш құралдармен жабдықталмаған арнайы көліктердің шығуына тыйым салынады.

71. Ұшу және жүргізу жолдарындағы жұмыс кезінде машиналарда орнатылған радиобайланыс құралдарын, қуатты және жарқылдақ оттарды өшіруге **тыйым** салынады.

72. Радио орнатылған машина жүргізушілері ішкі әуежай радиобайланысы ережелерін жақсы білуі тиіс. Қызметкерлердің (машина жүргізушілердің) әуеайлақтың ұшу жетекшісімен (диспетчерімен) радиотелефон арқылы байланысы автоматты бақылау дыбысжазғыш аспабына жазылады.

73. Ұшу жолдарында жұмыс істеу кезінде арнайы көліктердің жүргізушілері рация бойынша жарық және дыбыс сигналдары мен бұйрықтарды ұнемі қадағалап отыруы тиіс. Байланыс арналары немесе белгіленген сигнал бойынша ұшу және жүргізу жолдарында жұмыс істейтін жүргізушілер тиісті бұйрықтарды алған кезде жұмысты тоқтатуға және тез арада техниканы апат аймағының сыртындағы белгіленген жерге алып кетуі қажет.

74. Ұшу және жүргізу жолдарына кіру және қыып өту диспетчерлік орын қызметі диспетчерінің рұқсатынан кейін тек жарқылдақ және қуатты оттармен, сүйретпе қондырғылармен және радиостанциялармен жабдықталған машиналарға **ғана** **рұқсат** **етіледі.**

75. Арнайы көлік жүргізушісі (қызмет өкілі) ұшу жолын қыып өтер алдында бүйірдегі қауіпсіз жолға жетпей тұрып (радиомаяк станциясының апат аймағы шекарасы), диспетчерлік орын қызметі диспетчерінен ұшу жолын қыып өтуге **рұқсат** **сұрапта** **тиіс.**

76. Диспетчер арнайы техниканың ұшу жолағын қыып өтуіне мына жағдайда ғана рұқсат береді, егер қонуға келе жатқан әуе кемесінің кем дегенде 5 минут уақыт ара қашықтығы болса, немесе қонып тоқтағаннан кейін ғана рұқсат етеді.

77. Ұшу жолағын қыып өткен соң жүргізуі (арнайы көлік қызметінің өкілі) бастапқы диспетчерлік пункттің диспетчеріне жолдың босағаны туралы хабарлайды. Егер арнайы көлік қауіпсіз жолағының (қонудың радиомаяктық жүйесінің ықтимал дағдарысты аймағының шекарасы) сыртына шығып кетсе, **ұшу** **жолағы** **бос** **деп** **саналады.**

78. Әуе кемелерінің кесте бойынша тұрақты ұшып шығуы әуежайдың жердегі қызметі мына шарттарды орындағанда мүмкін:

- 1) әуе кемелеріне уақтылы және сапалы қызмет көрсету;
- 2) жердегі техниканың авариясыз жұмыс істеуі;
- 3) әуеайлағы жолдарының ұшуға дайындығы.

Арнайы көлік қызметінің осы шарттарды орындауы үшін мыналар қажет:

- 1) әуе кемесіне қызмет көрсету мен әуеайлақ жамылғысын пайдаланып ұстau

кезінде арнайы көліктің қауіпсіз жұмысын қамтамасыз ету;

2) арнайы көліктер паркін үнемі техникалық дайындық жағдайында ұстau;

3) ӘК-не қызмет көрсетуге және ұшу алаңын дайындауға қатысатын әуежай қызметімен жұмыста нақты келісімге қол жеткізу;

4) ұшу жиілігі аса жоғары "қарбалас" уақытта арнайы көліктердің қорын қамтамасыз ету;

5) арнайы көліктердің техникалық жай-қуйін тексеретін қоғамдық бақылау комиссиясының қызметін ұйымдастыру;

6) әуе кемесінің ұшып шығуға кешігу себептерін мұқият талдау, кедергі себептері туралы жүргізушилер құрамына үнемі хабарлау және оларды болдырмауға шұғыл шаралар қабылдау;

7) әуе кемесіне қызмет көрсетуде кедергісіз жұмыс істейтін арнайы көлік қызметінің, колоннаның, ең жақсы ауысымдардың жұмыс тәжірибесін тарату және қорыту;

8) жүргізушилер ауысымға шығар алдында әуе кемесіне қызмет көрсеткен алдыңғы ауысым жұмыстарының кемшіліктерін талдай отырып және әуе кемесінің ұшуына жолдарды дайындауда нақты метеорологиялық жағдай мен өндірістік ерекшеліктерді есепке ала отырып нұсқау жүргізу;

9) әуеайлақты дайындау мен әуе кемесіне уақытында қызмет көрсетуді қамтамасыз етуге бағытталған өнертапқыштық ұсыныстар мен жаңалықтарды енгізу;

10) жыл сайын "Автокөліктің авариясыз жұмысы үшін, әуе кемесіне уақтылы және қауіпсіз қызмет көрсеткені үшін" байқауын өткізу.

## **10. Әуе кемелерінің зақымдануының алдын алу жөніндегі іс-шаралар**

79. Әуе кемелері зақымдануының алдын алу үшін әуеайлақта әсіресе әуе кемелеріне қызмет көрсету аймағында арнайы көліктердің қауіпсіз жұмыс істеуін ұйымдастыру қағидасын қатаң сақтау, сондай-ақ арнайы көліктің авариясыз жұмыс істеуін қамтамасыз ететін іс-шараларды жүзеге асыру қажет. Көлік құралдарын жүргізушилер барлық жағдайда әуе кемелеріне жол береді.

80. Әуе кемелеріне қызмет көрсету аймағында арнайы көліктің қозғалысы тек келуге басшылық ететін жауапты адам басшылығымен және келу (кету) схемаларына сәйкес жүргізіледі. Келуді (кетуді) басқаратын лауазымды адамдардың жоқтығынан әуе кемелерінің ұшып шығуын кідіртулер келуге/кетуге басшылық етуді қамтамасыз етпеген қызметке жатады (1-қосымша).

81. Әуе кемелеріне қызмет көрсету аймағында арнайы көліктің қозғалыс жылдамдығы сағатына 5 км аспауы тиіс. Арнайы көліктің перронда және

тұратын жерінде қозғалыс жылдамдығы сағатына 30 км, әуеайлақтың қалған аймақтарындағы қозғалыс жылдамдығы - сағатына 50 км аспауы тиіс. Көрсетілген қозғалыс жылдамдығының шектеуліктері жамылғыларға қызмет көрсету және жалғасу коэффициентін өлшеу жөніндегі жұмыстарды орындалған кезде әуеайлақ машиналары мен механизмдеріне, сондай-ақ өрт сөндіру, санитарлық және басқа қауіпті жағдайда шақырылған машиналарға қолданылады.

82. Әуеайлақтағы барлық үлгідегі арнайы көліктер қозғалысы тек жердегі техника қозғалысын ұйымдастыру мен орналастыру схемасы бойынша белгі соғылған арнайы бағытпен жүзеге асуы тиіс. Қозғалыс бағытын белгілеу әуеайлақ қызметі жөніндегі қолданыстағы нормативтік акт талаптарына сәйкес

кеleу i

83. Амортизаторлық тежегіштермен, өрт сөндіру құралдарымен жабдықталмаған берік тежегіш қалыптары жоқ және жарамсыз арнайы жабдығы бар арнайы көліктің әуе кемелеріне келуіне тыйым салынады.

84. Әуеайлақта нашар көріну жағдайында (тұнде, тұман кезінде, қар жауғанда және авария жағдайында) арнайы көліктерде дыбыс сигналдарын қолдануға рұқсат етіледі. Трейлерде (ТЗ-22, АК-6, АПРА-4 үлгісіндегі автомашиналар және басқалар) шанағының артқы бөлігінде және бүйірінде қызыл рефлекторлары

болуы

ти i c .

85. Әуе кемелерін перронда және тұратын жеріне орналастыру әуеайлақ қызметі және авиациялық техниканы техникалық пайдалану мен жөндеу жөніндегі қолданыстағы нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес жүргізуі тиіс. Әуе кемелерін орналастыру оған келу қауіпсіздігін қамтамасыз етпейтын жағдайларда, әуе кемелеріне арнайы көліктің келуіне тыйым салынады.

86. Әуе кемелерінің тұратын жерлері мен перронда белгіленген нормативтер бойынша жарық болуы тиіс. Жарық машина жүргізуілерінің әуе кемелеріне жақын келуі кезінде және перрон мен тұратын жерлері бойынша қозғалысы кезінде

көзіне

шағылыспау

керек.

87. Арнайы көліктің тұратын жерлерінде, оқу сыныптарында және гараждарда әуеайлық және әуе кемелеріне келу (кету) бойынша арнайы көлік қозғалысының схемасы бар плакаттар ілінуі тиіс.

88. Арнайы көліктің жүргізуілері аудиосистема (бригадада) жұмыс басталар алдында азаматтық авиация ұйымдарының медперсоналы жүргізетін медициналық тексеруден өтеді және жұмысқа жіберілгені туралы жол қағазына, медициналық бақылау кітапшасына немесе жүргізуінің арнайы журналына белгі алады. Алкогольдік ішімдікті пайдаланғаны туралы факт дәлелденген жүргізуілер

жұмысқа

жіберілмейді.

Аудиосистема соңында жүргізуілер міндетті тұрғанда қосымша медициналық

тексеруден өтеді. Жүргізушілердің медициналық тексеруге келуін өздері штатта тұрған қызмет бастықтары қамтамасыз етеді.

## 11. Жол-көлік оқиғалары, олардың жіктелуі, алдын алу және есепке алу

89. Жол-көлік оқиғаларына мыналар жатпайды:

1) пайдалану қағидалары мен еңбек қауіпсіздігі талаптарын бұзу салдарынан олар орындауға арналған (жер жырту, траншея қазу және тағы басқа) негізгі өндірістік операцияларды жасау кезінде пайда болған өздігінен жүретін механизмдер оқиғалары (бульдозерлер, тракторлар, арық қазушылар және тағы б а с к а ) ;

2) қозғалмалы көлік механикалық құралдарындағы олардың техникалық жарамсыздығына байланысты емес өрттер.

90. Жол-көлік оқиғалары кезінде қаза тапқандар қатарына оқиға болған жерде немесе оқиға нәтижесінде алған жарақаттан қайтыс болған адамдар жатады; жаралылар санына дене жарақатын алғандар, алғашқы медициналық көмек көрсетілгеннен кейін ауруханаға жөнелту немесе емханалық емдеу қажеттігін туыннатқан дене жарақатын алған адамдар жатады.

91. Жол-көлік оқиғаларының алдын алу үшін мыналар қажет:

1) жолда жұмыс істеуге техникалық жарамды көлік құралдарының тежегіштерін, рульдік басқару және жарық беретін аспаптардың қызметін тексергеннен кейін ғана рұқсат беру;

2) қауіпті жағдайларда қозғалыс кезінде (жолдың тар учаскелері, жол жабынының нашар жай-күйі, көктайғақ, шектеулі көрініс) жылдамдықты қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ететін шегіне дейін түсіру;

3) жарық аспаптары жағылған қозғалыс кезінде қарсы шыққан көлік жүргізушісінің көзіне жарықты шағылыстыруға болмайды;

4) басып озу және қызылыштардан өту қағидаларын қатаң сақтау;

5) бөтен адамдардың көлік құралдарын ұрлап кету және жүргізу жағдайларын б о л д ы р м а у ;

6) көлік құралдарын басқаруға жүргізушілерді мас күйінде жібермеу;

7) көлік құралдарының жүргізушілерімен жол қозғалысы қағидалары және жылдың көктемгі-жазғы, күзгі-қысқы маусымдарында көлік құралдарын пайдалану ерекшеліктері бойынша тұрақты түрде сабактар өткізу, көрсетілген сабактарға жол қозғалысының қауіпсіздігі жөніндегі уәкілетті органның мамандарын тартуды практикаға енгізу;

8) арнайы көлік қызметінде қозғалыс қауіпсіздігі бөлмелерін, сыныптар мен бұрыштарды жа б д ы қ т а у ;

9) жол және әуеайлақ жабындарының (көктайғақ, қар, жаңбыр, бүршак,

батпақ) жай-күйі туралы ескерту жазбалар мен плакаттарды іліп қою;

10) арнайы көлік қызметі басшылары мен инженер-техникалық құрамына жүргізушілермен еңбек тәртібін күшейтуге бағытталған тәрбие жұмыстарын

Ұ н е м і ж ү р г і з у ;

11) алдыңғы қатарлы жүргізушілердің авариясыз және жол қозғалысы қағидаларын бұзбай жұмыс істейтін тәжірибесін қабырға газеттерінде, брошюраларда, оқу құралдарында кеңінен тарату.

92. Жол-көлік оқиғаларын тудыратын себептерді зерттеу мен жою мақсатында азаматтық авиация ұйымдарында барлық бұрын келтірілген жол-көлік оқиғаларының, оның ішінде жабық аумакта болған түрлерінің міндетті есебі жүргізілуге тиіс. Азаматтық авиация ұйымдарындағы Жол-көлік оқиғалары есебі журналының үлгісі 17-қосымшада көрсетілген.

93. Ауыр салдарлы жол-көлік оқиғалары (өлім-жітім, зақымдану, адамдардың ауыр жарақаты) туралы азаматтық авиация ұйымдары көліктегі ішкі істер органдарына хабарлайды және оқиға болған сәттен бастап жиырма төрт сағаттан кешіктірмей уәкілетті органға хабар жібереді (8-қосымша).

## 12. Арнайы көлікке техникалық қызмет көрсету

94. Арнайы көлікке техникалық қызмет көрсету және жөндеу жүйесі өзара байланысты құралдардың жиынтығынан, техникалық қызмет көрсету мен жөндеу және орындаушылардың арнайы көліктің сапасын сақтау мен қалпына келтіруге қажетті құжаттамалардан тұрады.

95. Техникалық қызмет көрсету мен жөндеу жүйесі шеңберінде арнайы көлікке техникалық қызмет көрсету жүзеге асырылады, оларды жұмысқа пайдалану, сақтау және тасымалдау кезінде жұмысқа қабілеттілігін немесе жарамдылығын сақтау жөніндегі операциялар кешенін білдіреді.

96. Арнайы көлікке техникалық қызмет көрсету негізіне жоспарлау-ескерту жүйесі жатады, онда техникалық қызмет көрсетуді жоспарлау арнайы көліктің жүріп өткен жолы мен атқаратын жұмысына және тораптар мен агрегаттардың жай-күйіне қарамастан, арнайы көліктің белгілі бір ресурсты игергенінен кейін міндетті тұрде ж ү р г і з і л е д і .

97. Техникалық қызмет көрсету арнайы көлікті пайдаланудың құрамдас бөлігі болып табылады және м ы на л а р ғ а :

1) әуе кемелерінің ұшу қауіпсіздігі мен тұрақтылығын қамтамасыз етуге тікелей байланысты арнайы көлікті тұрақты техникалық дайындықта ұстауға;

2) арнайы көліктің өз бағытында және пайдалану үдерісінде жүру қауіпсіздігін қамтамасыз етуге;

3) нақты пайдалану жағдайларында арнайы көліктің сенімділігін арттыруға

**бағытталған.**

98. Арнайы көлікке техникалық қызмет көрсетеу мынадай операцияларды қамтиды:

жинау-жуу, құю, майлау, бақылау-диагностикалық, бекіту, реттеу, істен шығу мен жарамсыздықты анықтау. Жинау-жуу, майлау, бақылау, диагностикалық жұмыстар міндепті түрде орындалады, ал құю, реттеу және жарамсыздықты жою жөніндегі жұмыстарды тексеру нәтижесінде қажеттілік болған кезде жүргізіледі.

99. Арнайы көліктің техникалық жай-күйіне қойылатын талаптар осы Қағидада және қолданыстағы жол қозғалысы қағидаларында, уәкілетті органның нормативтік техникалық құжаттарында және шығарушы-зауыттың нұсқауларында белгіленеді.

### **13. Арнайы көлікке техникалық қызмет көрсетудің түрлері, кезеңдері және еңбекті қажет етуі**

100. Арнайы көліктерге техникалық қызмет көрсетеу жұмыстарын пайдалану шарттарына, кезеңдеріне және көлеміне сәйкес мынадай түрлерге бөлінеді:

- 1) күнделікті техникалық қызмет көрсетеу;
- 2) бірінші техникалық қызмет көрсетеу;
- 3) екінші техникалық қызмет көрсетеу;
- 4) маусымдық техникалық қызмет көрсетеу.

101. Техникалық қызмет көрсетудің негізгі мақсаты арнайы көліктің сенімділігін қамтамасыз етуге, оның сыртқы түрін тиісті жай-күйде ұстаяға, отын, май, сұыттың сұйықтық құюды қамтамасыз етуге бағытталған жалпы бақылау болып табылады. Пайдаланушылық қызмет көрсетеу арнайы көлікті пайдалану мен қозғалыс қауіпсіздігін анықтайтын агрегаттар мен жүйелердің жай-күйін тексеруді көздейді (рульді басқару, тежегіш, шина, сыртқы жарықтандыру аспаптары, жарық және дыбыстық сигнал беру, әйнек тазалағыш, жарықпен сигнал беру, радиостанциялар және тағы басқа).

102. Бірінші және екінші техникалық қызмет көрсетудің негізгі мақсаты бөлшектердің тозу қарқынын азайту, бақылау-диагностикалық, майлау, бекіту, реттеу және тағы басқа жұмыстарды уақтылы орындау арқылы істен шығу мен жарамсыздықты анықтау мен алдын алу болып табылады. Бірінші техникалық қызмет көрсетеу кезінде жұмыстар әдетте қызмет көрсететін аспаптарды, тораптарды, механизмдерді арнайы көліктен алмай ішінара бөлшектеусіз (ашу) жүргізіледі.

Екінші техникалық қызмет көрсетеу кезінде осы операциялар үлкен көлемде орындалады, ал қажет болған жағдайда қызмет көрсететін аспаптарды (тораптар, механизмдер) ашады немесе машинадан алады.

103. Арнайы көлікке маусымдық қызмет көрсетудің негізгі мақсаты оларды күзгі-қысқы және қектемгі-жазғы маусымда пайдалануға дайындау болып табылады. Маусымдық қызмет көрсету жылына екі рет өткізіледі және әдетте кезектегі бірінші техникалық қызмет көрсету немесе екінші техникалық қызмет көрсетумен алмастырылады, оған қосымша арнайы көлікті тиісті пайдалану кезеңіне дайындауға байланысты (май ауыстыру, арнайы сұйықтықтарды, электролитті ауыстыру, жылу құралдарын қамтамасыз ету, жылдыту және тағы басқа) бірқатар жұмыстар орындалады.

104. Осы техникалық қызмет көрсету түрі мен келесі түрі немесе басқа күрделі жұмыстар арасындағы жұмыс істеу (жұру) арақашықтығы арнайы көлікке техникалық қызмет көрсету кезеңі деп аталады.

105. Арнайы көлікке техникалық қызмет көрсету кезеңділігі негізгі автомобильдің жүріп өткен жолына немесе арнайы жабдықтың пайдаланылуына байланысты Шығарушы зауыт қағидалары мен уәкілетті органның нормативтік-техникалық құжаттарына сәйкес белгіленеді.

106. Пайдалану шарттарына байланысты негізгі автомобильдер мен арнайы көліктің арнайы жабдығына техникалық қызмет көрсету кезеңділігіне өзгерістер енгізілуі мүмкін. Негізгі автомобильдер мен арнайы көліктің арнайы жабдықтары мен техникалық қызмет көрсету кезеңін өзгерту коэффициентінің мәні уәкілетті органның нормативтік-техникалық құжаттарында белгіленеді.

107. Арнайы жабдықтарға техникалық қызмет көрсету әдетте негізгі автомобильге техникалық қызмет көрсетумен бірге жүргізіледі. Техникалық қызмет көрсету кезеңі негізгі автомобильдерге техникалық қызмет көрсету кезеңіне сәйкес келмейтін арнайы жабдықтардың жеке агрегаттарына шығарушы зауыт қағидаларына қатаң сәйкес қызмет көрсетіледі, жүргізілген операциялар туралы формулярга жазылып, жауапты адамның қолы қойылады.

108. Арнайы көлікке техникалық қызмет көрсетудің қаншалықты еңбекті көп қажет ететіні негізгі автомобильдер мен онда орнатылған жабдықтарға техникалық қызмет көрсетудің жалпы еңбекті қажет етуімен анықталады.

109. Арнайы көлікке техникалық қызмет көрсетуге кеткен еңбек нормативтері қолданыстағы азаматтық авиация ұйымдарының арнайы көлік қызметі жұмысшылары санының нормативтерімен анықталады. Негізгі автомобильдер мен арнайы көліктің жабдықтарына қызмет көрсету нормативтері тұрақты түрде нақтылауға және түзетуге жатады.

110. Арнайы көліктің негізгі автомобильдеріне техникалық қызмет көрсету жұмыстарының тізбесі, сондай-ақ арнайы жабдықтарға техникалық қызмет көрсету технологиясы уәкілетті органдардың нормативтік-техникалық құжаттары және Шығарушы зауыт қағидасымен анықталады.

111. Арнайы көлікке техникалық қызмет көрсету жөніндегі жұмыс көлемін

азайтуға, сондай-ақ қызмет көрсетеу сапасына зиян келтіруге, оған кеткен уақытты қысқартуға тыйым салынады.

112. Жабдықталған және толық жабдықталмаған техникалық қызмет көрсетеу бекеттерінің болмауы арнайы көлікке тұрақты түрде қызмет көрсетеу кезеңділігі мен жұмыс көлемін өзгертуге негіз бола алмайды.

## 14. Арнайы көлікті жөндеу

113. Жөндеудің мақсаты – арнайы көліктің жарамдылығын немесе жұмысқа қабілетін қалпына келтіру және арнайы көліктің ресурстарын немесе олардың құрамdas бөліктерін қалпына келтіру болып табылады. Арнайы көлікке сапалы жөндеу жүргізу оларды жоғары техникалық дайындық жай-күйінде ұстаудың негізгі шарты болып келеді және ол мыналармен:

1) арнайы көліктің техникалық жай-күйін жүйелі түрде бақылаумен және оларды уақытында жөндеуге тапсырумен;

2) технологиялық жабдықтармен жабдықталған жөндеу шеберханаларының және білікті орындаушылардың болуымен;

3) жөндеу өндірісін дұрыс ұйымдастырумен;

4) жөндеу шеберханаларын уақытында шығыс материалдарымен, қосалқы бөлшектермен және мұлікпен қамтамасыз етумен;

5) арнайы көлікті жөндеудің техникалық үдерісін жетілдіру мен жөндеудің озат әдістерін тұрақты түрде енгізумен қамтамасыз етіледі.

114. Арнайы көлікті жөндеу атқарылатын жұмыстардың мақсаты мен сапасына сәйкес құрделі және ағымдағы жөндеу деп бөлінеді. Жөндеудің көрсетілетін түрлері атқарылатын жұмыс бойынша немесе арнайы көліктің нақты жай-күйі бойынша жүзеге асырылады.

115. Арнайы көлікті жөндеу участекелері (бекеттері) тазалық нормалары мен қағидаларының талаптарына сай негізгі және қосалқы өндірістік үй-жайларда орналасқан жөндеу шеберханаларында жүргізіледі.

116. Арнайы көлік қызметінің жөндеу шеберханаларында әдетте ағымдағы жөндеу жүргізіледі.

117. Жөндеу шеберханаларының участекелерінде (бекеттерінде) арнайы көлікті жөндеуге арналған техникалық шарттар мен технологиялық карталар, сондай-ақ заңнамалық тәртіппен бекітілген азаматтық авиация кәсіпорындары мен ұйымдарының арнайы көлік қызметтері үшін технологиялық және мамандырылған аспаптар табеліне сәйкес құрал-жабдықтар мен аспаптар болуы к е р е к .

118. Участекелерде (бекеттерде) арнайы көлікті жөндеу мынадай әдістермен ұйымдастырылуы мүмкін:

- 1) иесіздендірілген;
- 2) иесіздендірілмеген;
- 3) агрегатты.

119. Арнайы көлікті жөндеу шеберханалары қызметтерінде арнайы көлікті жөндеу кезінде орындаушылар операциялары бойынша мамандандырылған бригада орындайтын бригадалық жөндеу әдісін қолдану ұсынылады.

120. Жекелеген жағдайларда арнайы көлікті жөндеудің барлық операцияларын бір орындаушы істейтін жеке жөндеу әдісі қолданылады.

121. Жөндеу шеберханаларында арнайы көліктің жөндеу сапасын бақылауды шеберханалар бастықтарына (жөндеу жөніндегі инженерге) жүзеге асырады.

122. Арнайы көліктің жөнделуін ұйымдастыруды, технологиялық жабдықтардың техникалық жай-күйін, қосалқы бөлшектерді жөндеу мен олардың шығысын есепке алу мен есеп беруді бақылау арнайы көлік қызметінің бас инженеріне (бас инженерге) жүктеледі.

Қазақстан	Республикасының	
әуежайында	арнайы	көліктің
жұмысын	ұйымдастыру	
жөніндегі	қағидаға	
1-қосымша		

## **Арнайы машиналар мен олардың арнайы жабдықтарының техникалық жарамдылығын тексерудің үлгі картасы 1. Жалпы ережелер**

1. Азаматтық авиацияда пайдаланылатын арнайы машиналар Жол полициясы органдарында тіркеледі (есепте тұрады) және мемлекеттік нөмірлік белгілері болады. Әуеайлақтың тек жабық аумағында пайдаланылатын және Жол полициясы органдарында есепке алуға жатпайтын тракторлардың, бульдозерлердің, автогрейдерлердің және басқа да арнайы машиналардың ведомстволық нөмірлік белгілері болады.

2. Әуеайлақтың арнайы машиналарды жолға шығаруға дайындауды инженер-техниктер және арнайы қызмет көлік қызметтерінің жүргізушілер құрамы жүзеге асырады.

3. Қалыпты жағдайы жоқ, жарық сигналдарымен және радио-байланыспен жабдықталған, өрт сөндіру құралдарымен, медициналық қорапшалармен және тіркеп сүйреу сым арқандармен жабдықталмаған техникалық жарамсыз арнайы машиналарды жолға шығаруға тыйым салынады.

4. Арнайы машиналардың техникалық жай-күйі мен механизмдері шығарушы зауыттар нұсқаулықтарының талаптарына, стандарттау жөніндегі тиісті нормативтік құжаттарға сәйкес келуі және азаматтық авиация ұйымдарындағы

еңбек қауіпсіздігі ережелеріне жауап беруі тиісті. Машиналарды бояу тиісті нормативтік-құқықтық құжаттар талаптарына сәйкес келуі тиіс.

5. Әуеайлакта жұмыс істеуге арнайы дайындығы жоқ, медициналық тексеруден өтпеген, радиостанциялармен жұмыс істеуді үйренбекен жүргізушілерді жіберуге тыйым салынады.

6. Жол жүру қағидасын және «Қозғалыс қызметтерінің азаматтық авиация ұйымдарының әуеайлактық және басқа да жердегі қызметтердің өзара іс-қимыл үлгі технологияларының» талаптарын бұзғандығы туралы талонда үш белгісі бар жүргізушілер тек біліктілік комиссиясының олардың жол жүру қағидаларын, әуеайлакта арнайы машиналарды пайдалану жөніндегі білімдерін қайта тексеруден кейін ғана азаматтық авиация ұйымы басшысының бұйрығымен жұмысқа жіберілу мүмкін.

## **2. Әуеайлактық арнайы машиналарды жолға шығару және олардың техникалық жарамдылығын тексеру тәртібі**

Желіге шығатын жүргізушіге мыналар:

1) ауысымда (бригадада) жұмыс басталар алдында жүргізушілер медицина персоналы жүргізетін медициналық тексеруден өтуі және жол парағында немесе медициналық кітапшаға немесе жүргізушінің арнайы журналына жұмысқа жіберілгені, сондай-ақ жүргізушілер ауысым соңында қосымша медициналық тексеруден өтуі тиіс. Жүргізушілердің медициналық тексеруге келуін өздері штатта тұрған қызмет бастықтары қамтамасыз етеді;

2) машинаға жанармай, май, арнайы сұйықтық пен суды құю;

3) машинаның техникалық жарамдылығын, жабдықталғандығын тексеру, анықталған ақауларды жою қажет. Машиналардың техникалық жарамдығын, жабдықталғандығын тексеру кезінде мыналарды орындау керек.

7. Машинаның сыртын, сыртқы түрін қарап тексеру, ақаулардың жоқтығына көз жеткізу, жұмыс жабдығының жай-күйін, базалық қозғалтқышын және жұмыс жабдығы жетегінің қозғалтқышын, трансмиссия бөлшектерін, қозғалыс бөлігі мен жүргізуші кабинасын тексеру, жанармайдың, майдың, арнайы сұйықтықтың, судың ақпай тұрғандығына көз жеткізу.

8. Машинаның өрт сөндіру жабдықтарымен, медициналық қобдишалармен, тіркеп сүйреу арқанымен жабдықталғандығын тексеру. Желіге колоннада жұмыс істеуге арналған арнайы машиналарды жіберген кезде үш машинаның бірі "штанга" үлгісіндегі қосымша қатты сүйреуішпен жабдықталады.

9. Арнайы машиналардың тіркеп сүйреу құралғыларының жай-күйін тексеру: машинаның алдыңғы бамперіндегі шкворнямен бірге ілмектерді немесе тіркеп сүйреу айырларын және форкоптағы тартқыш ілмекті. Алдыңғы

бамперіндегі ілмектер және форкоптағы тартқыш ілмекті зауыттан дайындалған болуы және стандарттау бойынша нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес келуі тиіс. Шаншылатын сүйреуіш ілмек стандарттау бойынша нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес болуы тиіс.

10. Жарықпен сигнал беру жабдығының жұмысын тексеру: алдыңғы шамдардың, үлкен шамдардың, бұрылыс сигналдарының, тоқтау сигналдардың, ескертуші таңбалаудың жарқылдаушы (импульсті) оттарының жұмысын тексеру.

11. Радиобайланыс құралдарының жұмысын тексеру. Сыртқы қарап тексеру және жұмыс қабілетін тексеру негізінде радиостанциялардың жай-қүйін анықтау; радиостанция жұмысына байланысты ескертулер болған жағдайда ол жөнінде колонна механигіне (бригадиріне) хабарлау керек.

12. Арнайы машиналардың пневматикалық дөңгелектеріндегі ауа қысымын тексеру.

13. Базалық шасси қозғалтқышының картеріндегі және жұмыс істеу жабдығының жетегі қозғалтқышындағы майдың деңгейін тексеру.

14. Арнайы машинаның кабинасындағы бақылаушы аспаптарын және аспаптың қалқандардағы көрсеткіштерді, машина мен жұмыс жабдығының басқару органдарын тексеру:

- 1) спидометрдің пломбалануы және оның жарамдылығы;
- 2) басқару орындарындағы ақаулардың жоқтығын;
- 3) рульдік доңғалақтың еркін айналуы;
- 4) қосқыш және тежегіш басқыштарының еркін жұмыс істеуі;
- 5) тұрақ тежегіштерінің дұрыс жұмыс істеуі;
- 6) бақылау аспаптары мен аспаптар тақтасындағы көрсеткіштердің жұмысы.

15. Қозғалтқышты қосу және оның жұмысын әртүрлі айналымдарда тындала көрү.

16. Жұмыс жабдығының дұрыс жұмыс істеуін (көтеру, тұсіру, бұру, айналдыру) тексеру.

17. Машинаны жүргізу кезінде:

- 1) рульдік басқаруды;
- 2) қосқыш басқышты;
- 3) дөңгелек тежегіштерін тексеру керек.

18. Арнайы машинаны соңғы тексеру үшін колонна механигіне (бригадиріне), сондай-ақ мынадай құжаттарды ұсыну:

1) Жол полициясы берген автомобилді басқару құқығына қуәлік (трактор жүргізушілеріне, өздігінен жүретін жол құрылышы және әуеайлақ машиналары мен механизмдерін жүргізушілерге - азаматтық авиация ұйымдарының немесе басқа да ведомствоның біліктілік комиссиясы берген қуәлігі);

2) әуеайлақта (перронда) жұмыс істеуге құқық беретін талон;

З жүргізушінің өз қолы қойылған жұмысқа рұқсат берілгені туралы белгісі  
б а р ж о л п а р а ф ы .

19. Соңғы қарап тексеру кезінде анықталған арнайы машинаның ақауларын  
ұшу жолына шығар алдында жою.

Арнайы машиналарды ұшу жолына жіберу кезінде колонна механизигі (б р и г а д и р і ) :

жүргізушінің белгіленген құжаттамаларының және ондағы медициналық тексеруден өткендігі туралы ұшу жолына шығар алдында және ауысым соңында  
белгінің болуын тексеру.

арнайы машиналарды соңғы қарап тексеруден өткізу және олардың техникалық жарамдық деңгейін белгілеу қажет. Бұл ретте мыналарды орындау

1) машинаны сырттан қарап тексеру және ақаулардың жоқ екендігіне көз жеткізу, жұмыс жабдығының, шасси қозғалтқышының және жұмыс қозғалтқышының, трансмиссия бөлшектерінің, қозғалыс бөлігінің, жүргізу什і кабинасының жай-күйін тексеру; жанармайдың, майдың, арнайы сұйықтықтар мен судың ақпайтының көз жеткізу;

2) машинаның өрт сөндіру жабдығымен, медициналық қобдишаларымен, тіркеп сүйреу арқандарымен жабдықталғандығын тексеру. Ұшу жолына колоннада жұмыс істеуге арналған арнайы машиналарды шығару кезінде үш машинаның бірі қосымша қатты "штанга" үлгісіндегі тіркеп сүйреуішпен жаңа бұддастырылады.

3) алдыңғы бампердегі ілмектер, шкворы бар тіркеп сүйреуіш айыры және форкоптағы тартқыш ілмегі зауытта жасалған болуы және стандарттау бойынша тиісті нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес келуі тиіс;

4) жарық беретін сигнал беру жабдығының жұмысы - шамдарды, үлкен жарық шамдарды, бұрылымдың сигналдарын, тоқтау сигналдарды таңбалады ескертүші жарқылдайтын, импульсті оттарды тексеру;

5) радиобайланыс құралдарының жұмысын тексеру. Радиостанция жұмысы бойынша барлық ескертулерді автомобиль радиостанцияларына техникалық қызмет көрсету міндеті жүктелген электромеханикке хабарлау керек;

6) жүргізушінің кабинасындағы бақылау аспаптарын және аспаптық қалқандардағы көрсеткіштерді, машинаны басқару органдарын және жұмыс жабдықтарын

спидометр көрсеткіші, оның пломбалануы, жарамдылығы; бакылау аспаптарының, аспаптық калқандардағы көрсеткіштердің жұмысын;

7) жұмыс құралдарының дұрыстығын тексеру (көтеру, түсіру, бұрылышы, айналуы);

8) машина жүргізе отырып мыналарды тексеру керек:

р у л ь д і к	б а с қ а р у д ы ;
қ о с у ш ы	б а с қ ы ш т ы ;
д ё н г е л е к	т е ж е г і ш т е р і н .

20. Жол парагында желіге шығатын арнайы машинаның техникалық жарамдылығын және жабдықталғандығын, бактағы отын мөлшерін, спидометр жабдығының көрсеткішін растап қол қою керек.

## Ауысым аяқталған соң

## Ж y p g i з y ш i :

- 1) арнайы машинаны колонна механигіне (бригадиріне) тапсыру және оған машина мен арнайы жабдықтардың техникалық жай-күйі туралы баяндау;
  - 2) арнайы көлік қызметіне жүргізуші мен механик (бригадир) қол қойған ресімделген жол парагын өткізу;
  - 3) бактағы отын мөлшерін және спидометр жабдығының көрсеткішін көрсетілу белгілерімен өткізу қажет.

Колонна механизигі (бригадир):

- 1) жүргізуіден машинаны қабылдап алып, жол парағына қол қоюы;
  - 2) машинадағы және арнайы жабдықтың барлық ақаулықтары туралы колонна бастығына баяндап, ауысымды қабылдау-өткізу журналына жазып қоюы кажет.

Казахстан

## Республикасының

## Әүежайларында

арнайы

ЖҰМЫСЫН

## ҰЙЫМДАСТЫРУ

жөніндегі

К а ф и д а ф а

2-көсүмшә

40-тан 400 кандельге дейінгі әсерлі жарық күші бар жарқылдайтын отпен және әуежай ішіндегі байланыс радиостанциясымен жабдықталатын әуеайлақ жабындарын пайдалану үшін күтіп ұстауға арналған арнайы машиналар тізбесі

ЭМО-2 үлгідегі электромагнитті тазалағышымен жұмыс істеу кезінде пайдаланылатын әуеайлактың жылжымалы электроагрегаттары;

ПМ-130 үлгідегі су шашатын және жуатын машиналар; ДЭ-7, ДЭ-224, ДЭ-235 үлгідегі әуеайлақ тазалаушы машиналары; роторлық қар тазалағыштар; ПР-130, Д-307, ПР-53А үлгідегі құм шашқыштар; ПУ-53, КО-304 үлгідегі сыпыру-жинау машиналары; атотрейдерлер;

б у л ь д о з е р л е р ;

МТЭ-50 үлгідегі және басқа химиялық реагенттерді шашатын тракторлар;

ж ы л у м а ш и н а л а р ы ;

ж е л д е т к і ш м а ш и н а л а р ы ;

ДЭ-18А, ДЭ-21 үлгідегі таңбалалу машиналары;

ДС-67 жарықтарды бітеп құюшы;

қапталдағы және тереңді оттарды тазалауға арналған машиналар;

жабуларды фрезермен өндеші машиналар;

АЛМИ-1 инфрақызыл сәуле таратқышы бар әуеайлақ мұзын тазалаушы

м а ш и н а л а р .

Әуеайлақта жұмыс өндірісін бақылайтын машинасы қондыру диспетчері және ұшу жетекшісімен (диспетчермен) экипаждың жиілігінде радиоалмасуды тындау үшін радиоқабылдағышпен қосымша жабықталады.

Қазақстан

Р е сп у б ли к а с ы н ы н

әуежайларында

арнайы

көліктің

ж ұ м ы с ы н

ұ й ы м д а с т ы р ү

ж ө н і н д е г і

қ ағ и д а ғ а

3-қосымша

## **Азаматтық авиация әуежайларында арнайы машиналарға тексеру жүргізу жөніндегі жалпы ережелер**

Арнайы машиналарды және арнайы көлік қызметі өндірістік-техникалық базаларын тексеруді алдын-ала бекітілген жоспар бойынша жылына бір рет күзгі-қысқы навигация алдында азаматтық авиация ұйымының басшысы жүргізеді. Әуеайлақтарда пайдалану үшін құтіп ұстau және күзгі-қысқы кезенде әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету бойынша жұмыстарды орындастын барлық арнайы машиналар тексеруден өтеді.

Тексеру жоспарын азаматтық авиация ұйымы штабының бастығы немесе әуежайларда пайдалану және салу жөніндегі бастықтың орынбасары (бас инженер) жасайды. Ол арнайы көлік қызметі бастығының қатысуымен жасалады және азаматтық авиация ұйымының басшысы бекітеді.

Тексеру жоспарында мыналар көзделеді:

1) тексеру жүргізілетін уақыт пен орын;

2) қажетті техникалық және материалдық қамтамасыз ету;

3) жоспардың жекелеген іс-шараларын орындауды бақылайтын лауазымды а д а м д а р ;

4) арнайы жабдықтардың және базалық шассидің күзгі-қысқы кезенге дайындық сапасын және техникалық жай-күйін тексеруге арналған авиатехника

базасы мен арнайы көлік қызметінің тәжірибелі мамандарының саны;  
Арнайы көлік қызметі тексеру алдында мыналарды дайындауды:

1) тексеру жүргізуге қажетті аспаптар, құрал-саймандар мен арнайы заттар;

2) арнайы машиналардың жұмысын тексеру жүргізуге және тексеруге қажетті арнайы алаңдар.

Арнайы машиналардың техникалық жай-күйі:

1) барлық агрегаттардың, жүйелердің, арнайы жабдықтың аспаптары мен механизмдердің сыртын тексеру арқылы;

2) арнайы машиналар жұмыс істейтін кездегі жекелеген агрегаттар мен механизмдерді тыңдау және тексеру арқылы;

3) қажет болған жағдайда арнайы машиналарды қысқа жолға жүргізу және оның механизмдерінің жұмысын тексеру арқылы айқындалады.

Тексеру үдерісінде мыналар тексеріледі:

1) арнайы машиналардың сыртқы қалпы, олардың техникалық жай-күйі және жабдықталуы, алдағы жұмыстарды орындауға жарамдылығы;

2) арнайы машиналарды, өндірістік үй-жайларды дайындау бойынша еткізілетін жұмыс сапасы мен жұмыс көлемі, жұмысшылар үшін қалыпты санитарлық-техникалық жағдайдың болуы;

3) арнайы машинаға қосымша қажетті жабдықтардың, құралдар мен қондырғылардың (радиостанция, габаритті және сигнал беру оттары, тіркеу сүйреуіштер) болуы, олардың салынуы, бекітілуі және жарамдылығы;

4) жұмыстарды ұйымдастыру, арнайы көлік қызметі аумағындағы тәртіп пен тазалықтың болуы;

5) кіреберіс жолдардың болуы мен жай-күйі және аумақтың қоршалуы.

Тексеруді аяқтағаннан кейін комиссия арнайы машиналардың және өндірістік-техникалық базалардың накты жай-күйі туралы акт жасап (6-қосымша), оны азаматтық авиация ұйымының басшысы немесе жердегі қызметтер жөніндегі орынбасары бекітеді және тексеру қорытындысы талқыланады.

Қазақстан

Республикасының

әуежайларында

арнайы

көліктің

жұмысын

ұйымдастыру

жөніндегі

қағидаға

4-қосымша

---

(азаматтық авиация ұйымының атауы)

«Бекітемін»

---

(азаматтық

авиация

ұйымының

атауы)

бастыры

( Т . А . Ә . )

( қ о л ы )

" " 20 ж.

**Арнайы машиналар мен өндірістік-техникалық базаны тексергендігі**

**туралы №**

**АКТ**

Негізі \_\_\_\_\_

Комиссия \_\_\_\_\_ құрамы:

Тәрағасы \_\_\_\_\_

(лауазымы, тегі, аты-жөні)

Комиссия мүшелері: \_\_\_\_\_

(лауазымы, тегі, аты-жөні)

(комиссия мүшелері алфавит тәртібінде беріледі)

арнайы  
машиналардың жай-күйіне, олардың жабдықталуына, жарамдылығына \_\_\_\_\_

20 ж. \_\_\_\_\_ жұмыстарды орындауға  
( пайдалану кезеңі )

жарамдылығына тексеру жүргізді, сондай-ақ өндірістік-техникалық базаның  
жай-күйіне тексеру жүргізді.

Тексеру нәтижесінде мыналар анықталды: \_\_\_\_\_

Комиссия қорытындысы: \_\_\_\_\_

Комиссия тәрағасы: \_\_\_\_\_

(қолы) (тегі, аты-жөні)

Комиссия мүшелері: \_\_\_\_\_

(қолы) (тегі, аты-жөні)

Қазақстан Республикасының

әуежайларында арнайы көліктің

жұмысын ұйымдастыру

жөніндегі қағидаға

5-қосымша

Арнайы көлік қызметі \_\_\_\_\_

(азаматтық авиация ұйымының атауы)

**Арнайы машиналар мен автомобильдерді ұшу  
жолағына шығару журналы**

" " 20 ж.

№ жол қағазы	Автомобиль маркасы (арнайы машина)	Автомобиль маркасы (арнайы машина)	Жүргізушінің аты-жөні	Жол қағазын алған жүргізушінің көлік	Арнайы машина кімге бөлінді	Қозғалыс маршруты		Уақыты		Сипидеме- көрсеткіші	
						Шығатын жері	Баратын жері	Шығу	Келу	шыққанда	
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	

Қазақстан  
әуежайларында  
жұмысын  
жөніндегі  
б-қосымша  
(алдыңғы беті)

Республикасының  
арнайы  
көліктің  
ұйымдастыру  
қағидаға

(азаматтық авиация ұйымы)

Арнайы машиналардың әуе кемелеріне  
келетін жолына (кететін жолына)  
басшылық ету құқығына күйілік  
жұмыс істейтін ( жұмыс істейтін ( азаматтық  
авиация ұйымы және атқаратын лауазымы)  
мырза  
(Т.А.Ә.)

әуе кемелеріне қызмет көрсету кезінде арнайы машиналардың келуіне (кетуіне)  
басшылық ету жөніндегі нұсқаулықпен танысты және келуіне (кетуіне)  
басшылық етуі үшін практикалық сигналдарды меңгерді.  
Азаматтық авиация ұйымы басшысының (әуежай бастығының) 20 \_\_\_ жылғы "  
" № \_\_\_ бүйрығымен \_\_\_ түрдегі \_\_\_  
\_\_\_ үлгісіндегі арнайы машинамен  
үлгісіндегі әуе кемелеріне келуге (кетуге) басшылық ету жөніндегі жұмысқа  
жіберілді.

Азаматтық авиация ұйымы бастығының  
орынбасары (әуежай бастығы)

(қолы)

М.О.

20 жылғы "\_\_\_"

Күәлікті алып қойған немесе жоғалтқан жағдайда жүргізушінің арнағы машиналармен өле кемелеріне келуі (кетуі) жөніндегі нұсқаулықты білуін тексергеннен кейін жаңартылады.(артқы беті)

Бұзушылықтар туралы белгі

P / с №	Күні (күні, айы, жылы)	Бұзушылықтың түрі	Ескерту жасаган адамның лауазымы, Т.А.Ә.

Қазақстан  
әуежайларында  
жұмысын  
жөніндегі  
7-қосымша

Республикасының  
арнағы  
көліктің  
ұйымдастыру  
қағидаға

көліктің

### Азаматтық авиация үйімдарындағы жол-көлік оқиғаларын тіркеу журналы

Р/с №	Оқиғаның күні мен уақыты	Жүргізуі туралы деректер: 1) Т.А.Ә.; 2) класы мен жұмыс өтілі; 3) жұмыстың қаий сағатында оқиға болды	Зардалтары									Оқи себег
			Көлік құралының моделі	Оқиға түрі	Оқиға орны	Оқиға жағдайы	Қайтыс болған (адам)	Жарақаттанған (адам)	Материалдық шығын тенгемен			
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	

Қазақстан  
әуежайларында  
жұмысын  
жөніндегі  
8-қосымша

Республикасының  
арнағы  
көліктің  
ұйымдастыру  
қағидаға

көліктің

(азаматтық авиация үйімінің атауы)  
Жол-көлік оқиғасы туралы хабарлама

1. Оқиға болған күн, уақыт және орын \_\_\_\_\_

2. Арнайы машинаның түрі (маркасы) және нөмірлік белгісі \_\_\_\_\_

3. Арнайы машинаны кім жүргізді \_\_\_\_\_

( Т . А . Ә . )

(жүргізушінің класы, жұмыс өтілі)

4. Оқиға жүргізуі жұмысының қай сағатында болды, жүргізушінің жай-күйі \_\_\_\_\_

5. Жол-көлік оқиғасының түрі \_\_\_\_\_

6. Оқиғаның қысқаша сипаттамасы \_\_\_\_\_

7. Аяу райы, көріну деңгейі \_\_\_\_\_

8. Оқиға себептері \_\_\_\_\_

9. Оқиға зардаптары \_\_\_\_\_

а) қайтыс болды, жарақаттан қаза тапты (адам) оның ішінде: жүргізуі, жолаушылар жүргінші \_\_\_\_\_

б) деңе жарақатын алды (адам) оның ішінде: жүргізуі, жолаушылар жаяу жүрушілер \_\_\_\_\_

в) оқиғадан кейінгі арнайы машинаның техникалық жай-күйі, теңгемен материалдық шығыны \_\_\_\_\_

г) басқа да шығындар (жук шығыны) \_\_\_\_\_

10. Оқиға орнына ұйым, басқарма қызметкерлерінен кім барды \_\_\_\_\_

11. Оқиғаға кінелі адамға қабылданған шаралар \_\_\_\_\_

12. Осындай оқиғалардың алдын алу бойынша іс-шаралар \_\_\_\_\_

---

Азаматтық

авиация

ұйымының

бастығы

-----  
(қолы)

20\_\_ жылғы "\_\_\_"

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК